



VI ғасыр ортасында тарихи аренаға жаңа тұлға – Түркі қағанаты келді. Оның негізін қалаушы – Бумын қаған болды.

Түркі қағанаты- түркілердің тайпалық одағы тарапынан орта ғасырларда (552 - 603 ж.) басқарылған Азиядағы ірі мемлекеттің бірі болған.

542 жылы Түрік» этнонимінің **алғаш рет** аталуы қытай жылнамаларында кездеседі

# ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫ

603 ЖЫЛЫ

## ШЫҒЫС ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫ

Бұлғарлар, хазарлар, печенектер, қыпшақтар түркі тілінде сөйлегені анық.

## БАТЫС ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫ

Оғыз, қырғыз, ұйғырлар Батыстағы хазар, бұлғар печенектерден бөлініп қалған.


**Батыс Түркі— Түрік қағанаты ыдырап, екіге бөлінуі нәтижесінде пайда болған ерте ортағасырлық түркілер мемлекеті (603 - 704).**

**Түркі қағанатында саяси-әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі, оның дербестікке ұмтылған жеке бөліктерінде оқшаулану үрдісінің күшеюі, Шығыс және Батыс қағанаттарының құрылуына алып келді. Батыс Түрік қағанатының негізін Тардуш (Дато) қаған қалаған.**

**Шығыс Түрік қағанаты — Түрік қағанаты ыдырап, екіге бөлінуі нәтижесінде пайда болған ерте ортағасырлық түркілер мемлекеті (682 - 744 жж.).**

**Түркі қағанатында саяси-әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі, оның дербестікке ұмтылған жеке бөліктерінде оқшаулану үрдісінің күшеюі, Шығыс және Батыс қағанаттарының құрылуына алып келді. Шығыс түркілері Қытаймен жүргізген қиян-кесті соғыстың нәтижесінде 682 жылы Монғолияда өз мемлекетін қалпына келтірді. Алғашқы қаған Елтеріс атанған Құтлық, одан кейінгі Қапаған Қағандардың тұсында қағанат қуатты мемлекетке айналды. Шығыс Түркі қағандығы (682-744)- Қазақстан, Орталық Азия, Шығыс Түркістан, Оңтүстік Сібір жерлерін алып жатты. Білге қаған мен Күлтегін мемлекетті одан әрі дәуірлетіп, Қытаймен тиімді шарттарға қол жеткізді. Даңқты қолбасшы Тоныкөк түркі халқының жауынгерлік даңқын асқақтатты. Білге қағаннан кейін 741 жылдан қағанат әлсіреп, ыдырай бастайды.**

# ТҮРКІ ТІЛДЕРІ



**Шығыс Еуропадан, Сібір мен Батыс Қытайға дейінгі кең аумақта тұратын 180 млн. адамның ана тілі, 210 млн. адамның екінші тілі боп табылатын, көбі бір біріне өте жақын болған 40 тілден тұратын тілдер тобы. Түркі тілдер жанұясы Алтай тілдері әулетіне жатады. Қазақ тілі соның бірі боп табылады.**

алтай дәуірі;

Хун дәуірі

Көне түркі дәуірі

ең жаңа дәуір (20 ғ.) немесе түркі тілдерінің Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі даму дәуірі.

орта түркі дәуірі немесе негізгі түркі тайпаларының қалыптасу кезеңі;

жаңа түркі дәуірі немесе түркі халықтарының қалыптасуы мен даму дәуірі (16 – 19 ғ-лар)

Н.А.Баскаковтың түркі тілдері бойынша классификациялауы. Ол түркі тілдерінің дамуының бірнеше кезеңі бар деп көрсетті.